

«Бекітемін»
Жаңаөзен қаласы «Балбөбек»
жекеменшік шағын орттың
директоры С.Р. Мусаева
2023ж



Жаңаөзен қаласы «Балбөбек» жекеменшік шағын орттың
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары.

Р/С	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек 2023ж	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика	Қаңтар 2024ж	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1. Педагогтың құқықтары туралы 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.	Мамыр 2024ж	Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

12 қараша 2023 жыл.

Қатысқандар: 10 адам.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. Кеңес төрайымы: С. Р Мусасва
 2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Кеңес мүшесі:
 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Кеңес мүшесі
- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы С.Р Мусасва сөз алды:**

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес бөбекжайымыздағы педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуда ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтау.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Мяхматова Т /тәрбиеші/:

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр бүлдіршінге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, бүлдіршіндер тәрбиешінің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі қалтауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл қызыл, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Тәрбиешінің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаныз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігіл тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде олардың орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі :

/тәрбиеші/: Тамапова Ж

Ұстаз ата-аналармен, бүлдіршіндермен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Жауқазын Қуанғалиқызы чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді. Ұстаз этикасы – педагог мен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана ғана ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылымы өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. **Қортынды сөз. Кеңес төрйымы С. Р Мусаева:**

Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық

Кеңес пеншімі:

1. «Наргыз» жскөменшік балабакшасы педагогикалык әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
 2. Өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
- «Жас мамандармен педагогикалык этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңселек үстелдер өткізілсін.

Кенес төрайы

Хатшы:



С. Р Мусасва

У. С. Әбілпаева

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

20 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау/ кеңес мүшесі /кәсіподақ төрайымы/Мусаева С
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі Махашова Т /
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті/ кеңес төрайымы А. Мендыгулова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес

мүшесі Мендыгулова А : Ұстаз-ұлы тұлға. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрісіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытуға жетер.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Махашова Т:

Педагогикалық әдеп – тәрбиелік әсер студенттің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке бала жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деуген бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана берсін, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда баланы бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды.

Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұғымдастыру мен жүзделілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда тәрбиешінің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіненгі үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Мусасва:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Педагогке керекті тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу иіспендігі, кәсіби иіспендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтың жұмысы барысындағы сөйлесудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлесудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қортынды сөз: Егер өзі тәрбиелесетін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарауы керек.

Кеңес шешімі:

1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.

2/ Тәрбиешінің педагогикалық әдебін сақтауда оның құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.

Кеңес төрайымы
Хатшы



С. Р Мусасва
Ү. Әбішасва

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

18 маусым 2024 жыл.

Қатысқандар: 12 адам.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың құқықтары туралы
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары

Бірінші мәселе бойынша педагогтың құқықтары туралы педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Мусаева С.Р сөз алды.

«Педагог мәртебесі» Заңына сәйкес педагогтың құқықтары

7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа негүрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға.

- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік жетекшілер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
- 17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етілу құқығы

1. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстеме ақылар жән сынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

9-бап. Педагогтің көтермеленуге құқығы

1. Адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке

Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелеулер қолданылады.

2. Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықшасеңбегі үшін оған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы"Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы беріледі.ҚР білім туралы заңының 51-бабына сай педагогтың құқығы

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Махашова Т «Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары» педагогикалық сағатқатокталып өтті.

Педагогикалық этика - педагогтың әріптестерімен, ата-аналарымен және

тәрбиеленушілерімен қарым-қатынас жасауда жалпы әдептік нормаларды басшылыққаалуы.Қандайда бір мамандықтың да айрықша белгісі болады. Ол адамның үйреншіктіәдетінен, сөйлеген сөзінен тіпті киім киісінен де байқалуы мүмкін. Өнші үшін үн,музыкант үшін музыканы ұту маңызды болса, мұғалім үшін педагогтық әдеп сондайқажет. Педагогтық әдеп адаммен бірге туатын нәрсе емес, ол жүре бара пайда болады,яғни бұл ұстаздың тұрақты шығармашылығы.

Педагогикалық этика – адамның сырт көрінісі, жүріс тұрысы, сөйлеу мәдениеті, өзіндіруыс ұстауы әрі өз ортасына (барған жеріне лайықты киіну: жұмысқа, қыдыруға, тойға,т.б) байланысты киім-киісі, сөйлеу мәнері, мимика, жесть, дене қимылы жатады.Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы этикалықсұлулықтың белгісі. А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлуболу керек. Өрқапан сұлу болып жүрейік.Балалық өмірдің ең қызықты кезеңдері білім ордасында өтеді. Сол білім ордасыныңтұлғасы – ұстаз. Ұстаз шәкірттің жан сұлулығын зерделей зерттеп, оның адамдық асылқасиеттерінің жақсара түсуін қадағалайды, қамқорлық жасайды, өз баласындай көреді.Шәкірт ата-анасынан гөрі ұстаздардан көбірек тәлім-тәрбие алады. Балаға адам ретіндекадірің болу, ол үшін киім киісін, сөйлеу мәнерін, жүріс тұрысын, қарым – қатынасың үлгіболатындай болу керек.

Кенестің шешімі:

1. Педагогтың құқықтары туралы ақпарат тыңдала отырып, жұмыс барысында ескерілсін.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары педагогтартарапынан қатаң сақталсын.



Педагогикалық әдеп қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі – педагогикалық әдеп)

Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Мұғалімдердің педагогикалық әдеп ережелерін педагог қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп қағидаларының мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін қолжетімді белгілі бір орында орналастырылады.

5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

6. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айкындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуда тыйым салады;

3) өзінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу:

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;

4) патриотизм:

Педагог өз Отаны – Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлері мен тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қатысты білім алушылар мен тәрбиеленушілерге береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу:

педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагог балабақша ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

6) кәсіби ынтымақтастық:

педагог маманлық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызметтеспейді;

7) үздіксіз кәсіби даму.

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

7. Педагог қызметкер өз қызметінде:

- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік тугызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;
- 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;
- 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
- 6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
- 8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.

8. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, дінн сеніміне, азаматтығына, шығу

тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан аламын құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;

3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

9. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;

2) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

3) негізсіз және дәлелсіз шағымдар мен өтініштерден тартынады, педагогикалық әдепті бұзуға шағым жасаған тұлғаға қарсы жауап шаралар қабылдамайды.

4) Педагогикалық әдепті бұзғаны үшін педагогтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Балбөбек жекеменшік шағын орталығы

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру» туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығынның 2-қосымшасын басшылыққа ала отырып, бөбекжай педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесін құру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бөбекжай педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес комиссиясы құрылсын.
 - 1.1. С. Р Мусаева- балабақша директор, кеңес төрағасы;
 - 1.2. Р.С. Мухашева—«Қазақстан сапалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Маңғыстау облыстық ұйымы» ҚБ Жаңаөзен қалалық филиалы төрайымы, кеңес мүшесі;
 - 1.3. Т. Махашова— балабақша әдіскер, кеңес мүшесі;
 - 1.4. Ж. Тамашова - балабақша тәрбиеші, кеңес мүшесі;
 - 1.5. Мендыгулова А— балабақша тәрбиешісі, кеңес мүшесі;
 - 1.6. А Қарасаева— зейнеткер тәрбиеші, кеңес мүшесі;
2. Хатшысы болып Ү. Әбішаева бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.



С.Р Мусаева